



ТУРПАХ- КАЗАЛЫ

№35
(2206)
Сәрсенбі
24 сәуір
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Сенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте Қазалы ауданының өзекті мәселелері талқыланып, алдағы міндеттер айқындалды.

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет ауданның әлеуметтік-экономикалық даму бағыты, құрылыс нысандарын салу туралы баяндады.

Биыл ауданда бюджет қаражаты есебінен 12 нысан салынууда. Оның ішінде, өткен жылы басталған 4 нысан құрылысы жалғасып, биыл 8 жаңа нысанның іргетасы қаланбақ. Нәтижесінде ауданда 3 спорт кешені, 1 ауылдық клуб, баспанаға мұқтаж тұрғындарға жаңа пәтерлер салынып, инфрақұрылым желілері жүргізілмек.

Тұрғындарды толғандырған мәселе - аудандық маңызы бар «Қазалы-Қожабақы-Бозкөл-Кәукей» автомобиль жолының 16-шы шақырымындағы "Қарлаң" учаскесінен Сырдария өзеніне салынатын көпір құрылысы.



Аймақ басшысы тиісті басқарма басшысы мен аудан әкіміне аталған құрылысты жаңғыртуды және талапқа сай етіп аяқтауды тапсырды.

Мұнан бөлек, биыл «Әйтеке би-Қазалы» 7,1 шақырым авто-

мобиль жолын қайта жаңғырту жоспарлануда. Жобада жолды жөндеу, жарық бағаналары мен автобус аялдамаларын орнату, 2 көпір және 2 су өткізу құбырын қайта жаңғырту қарастырылған.

Аймақ басшысы құрылыс жұмыстарының сапасын әрі кестеге сәйкестігін қатаң қадағалауды тапсырды. Сондай-ақ, биылғы «Руханият жылында» барлық ауданда салынатын «Руханият» орталықтарының құрылысына ерекше назар аудару қажет. Еске салсақ, қазіргі уақытта барлық ауданда неке қию залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйінің басын біріктіретін, құны 11 млрд. 500 млн. теңгені құрайтын «Руханият» орталықтары салынууда. Бұл орталықтарға көпшілік жиналып, бос уақытын өткізеді, тәжірибе алмасады. Айта кетейік, биыл «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша Қазалы ауданы, Жанқожа батыр аулындағы 300 орындық мектеп пайдалануға беріледі. Сондай-ақ, Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласының ортасындағы 600 орындық мектептің құрылысы басталады.

**Қызылорда облысы
әкімінің баспасөз
қызметі**

● Көктемгі көркейту, көгалдандыру, санитарлық тазалық айлығы қалай жүргізілуде?

АУДАН ӘКІМІНІҢ БАСТАМАСЫ ҚОЛДАУ ТАБУДА

Қазалыға 19 ақпаннан бастап тағайындалған аудан басшысы Мейрамбек Шермағанбет ауданымыздың тыныс-тіршілігімен танысып, бірінші кезекте қала, кент, ауылдық округтерді көркейтуге, көгалдандыру мен санитарлық тазалық жұмыстарына баса назар аударды. Соның нәтижесінде наурыз, сәуір айларынан бері ауданымыздағы көптеген көшелер қоқыстардан тазартылып, қазіргі таңда жарықшам бағаналары мен қоршаулар сырланып, ағаштар өктелуде.

Сондай-ақ, Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының қолға алған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында да тазалық жұмыстары жүргізіліп және бұл жұмыстарға тұрғындар мен еріктілерді тұрақты түрде тарту маңызды. Акцияның мақсаты - еліміздің барлық аймақтарының экологиялық жағдайын жақсарту болып табылады.

Қазіргі уақытта көптеген тұрғындар тазалық сақтау қажеттігін ұмытып кетіп жатады. Үйлерден шыққан қоқыс қалдықтарын көше бойларына,

бағаналардың түптеріне қойып кетеді. Соның салдарынан ауаға жағымсыз иістер тарап, адамдарға инфекция тарайды. Қоқыс маңын торуылдаған бұралқы иттер де көшедегі балаларға қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан, әрбір тұрғын үйлеріне қоқыс контейнерлерін алғаны жөн.

«Тазалық – табалдырықтан басталады» дегендей «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында басталған тазалық жұмыстарынан ауданымыз да қалыс қалған жоқ. Барлық мекемелерде әр апта сайын сенбілік ұйымдастырылып, қызметкерлер тазалық жұмыстарына атсалысуда. Әрбір мекемелерге кент аумағын тазалау бөлініп берілді. Соның бірі І-ші және 2-ші аймақтар бойынша ұйымдастырылған тазалық жұмыстары жөнінде әңгімелемекпіз.

Аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш пен 2-ші аймақты басқаратын «AMANAT» партиясы аудандық филиалының хатшысы Нұрғиса Жалғасбаев бастаған топ мүшелері осы аймақ

көшелері тұрғындарына тазалық жұмыстарын насихаттап, тазалыққа біркөсідей атсалысып, игілікті істі қолдауға шақырды. Тазалық жұмыстары нәтижесінде 5-ші кварталдағы «Қарамай көлі», қазақ және орыс қорымдары, Жәрмедет Ысқақов көшесіндегі тұрғындар қоқысқа толтырған жасанды «карьерлер», Қ.Ерімбет, Жетес би, Қ.Сансызбаев және басқа да, 42 көше тазарып, біраз ретке келтірілді.

Аудан әкімінің тапсырмасына сәйкес Әйтеке би кенті 7 аймаққа бөлініп, 7 аймақты аудандық мәслихаттың төрағасы, аудан әкімінің орынбасарлары, әкімдіктің аппарат басшысы, аудан әкімінің кеңесшісі және «AMANAT» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы басқарады.

Газетіміздің алдағы сандарында әрбір аймақ бойынша атқарылған жұмыстарды көрсететін боламыз.

Тұрғындарға ескертер жәйт: қоқыс қалдықтарын тастаған тұрғындарға учаскелік полиция инспекторы айыппұл салып, қатаң бақылайтын болады.

Айта кетейік, әрбір тұрғын тиісті заңдылыққа сәйкес есігінің алдындағы жолға дейінгі 5 метр жерді өзі қарап, тазартуға міндетті. Сондай-ақ, тұрғындар үйінің алдын таза ұстамағаны үшін заң бойынша айыппұл салынатынын ескергені жөн. Сонымен қатар, қоқыс қалдықтарын тастау үшін Әйтеке би кентінің сырт аймағында белгіленген полигон бар. Тиісті мекеме полигонға қоқысты төгуге міндетті.

Адам – табиғаттың ажырамас бөлігі. Таза ауа, таза табиғат, адам денсаулығының кепілі.

Қоршаған ортаның тазалығы адам денсаулығына маңызды әсер ететін фактор болып табылады. Денсаулық бұл адамның еңбекке белсенді болуы, әрі ұзақ өмір сүруі, тән мен жанның рухани саулығын сезіну. Қазіргі уақытта табиғаттың ластануы әлем бойынша ең үлкен мәселелердің біріне айналды десек артық айтқанымыз емес. Сондықтан деніміз сау болып өмір сүру үшін табиғаттың ластығына қарсы күресу – баршамыздың парызымыз.

**Ұлпан ІБРАШ,
«Тұран-Қазалы»**

БІЛІМДІ ДЕ, БІЛІКТІ БОЛАТЫН...



Жақында ағалы-інілік сыйластығы бар, ауыл-дас жігіттердің бірі: «Жылыстап бара жатқан уақыт-ай! Закрадиннің де өмірден өткеніне бір жылдың жүзі болыпты. Елге елеулі қызмет еткен азамат еді. Оның өмірі мен еңбек жолы жайында жазып, көпшілікке жария етсеңіз», - деген тілегін жасырмады. Біраз ой жетегіне беріліп, үнсіз қалдым. Ақырында еріксіз қолға қалам алуыма тура келді. Закрадиннің әкесі Ібайдулла мен менің әкем Бахи ілгеріде Карл Маркс атындағы жұмысшылар кооперациясында есепшілік қызмет атқарған. Апасы Бағдагүлмен қатар өстік, бір жылдың түлегіміз. Сондай-ақ інім Болатбек болса, Закрадиннің парталас досы.

Қазіргі Бекарыстан би аулында 1966 жылдың 24 қарашасында кіндік қаны тамған ол, мектептен кейін 1983-1988 жылдары шаруашылықта жұмысшы боп еңбек етті. Арасында Кеңес Армиясы қатарындағы азаматтық борышын өтеді. Білімге құштар жас 1988 жылы Ресейдің Омск қаласындағы ауыл шаруашылығы институтының «Жерге орналастыру» факультетіне оқуға түсті. Қазалы жеріндегі Ү.Түктібаев атындағы №24 қазақ орта мектебін аяқтаған шәкіртке орыс тіліндегі бағдарламаны меңгеру оңайлыққа соқпады. Алайда көздеген мақсаты жолында ерік-жігерін жани білді. Соның арқасында 1993 жылы аталған оқу ордасынан «жерге орналастыру инженері» мамандығын алып шыққан.

Институттан соң 1993-1999 жылдары өзі дәріс алған білім шаңырағында директордың шаруашылық

жөніндегі орынбасары болған. 1999 жылдың мамыр айында мемлекеттік жер ресурстары және жерге орналастыру ғылыми-өндірістік орталығының Қызылорда еншілес мемлекеттік кәсіпорнының Қазалы жер-кадастр филиалының директорлығына тағайындалады. 2016 жылдың сәуір айында мекеме қайта құрылымдалып, «Азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік кооперациясы» коммерциялық емес

акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиал-«Жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы» департаментінің Қазалы аудандық бөлімшесінің басшысы қызметінде өмірінің соңына дейін жұмыс істеді.

Материалды дайындау барысында Қазалы аудандық жер қатынастары бөлімін басқарған, бүгінде Қызылорда облыстық жер инспекциясының мемлекеттік инспекторы болып жұмыс істейтін Әмірхан Орналиевпен тілдескенімізде: -«1999 жылдары Бекарыстан би аулына жолым түсті. Жұмыс барысымен мектепте директордың шаруашылық жөніндегі орынбасарлығын атқаратын Закрадинге кездестім. Сөз арасында оған ауданда жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы ашылғалы жатырғанын, соған жұмысқа келуін ескерттім. Өзім араласа жүріп, Қызылорда қаласындағы бастығымызбен жолықтырдым. Ұзамай Қазалы ауданы бойынша жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығының директоры қызметіне бұйрық алды», - деп өткен күндер естелігін еске оралтты.

Сонан бастап Закрадин Ібайдуллаұлы Абибуллаев ширек ғасырдан астам жерге орналастыру саласында қажырлы қызмет етіп, аудан көлемінде үлгілі істер атқарды. Атап айтсақ, ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерді жекешелендіру, шаруашылықтағы жер құжаттары нақтыланып, дайындалды. Делимитация кезінде Қазақстан мен Өзбекстан Республикасының ше-

караларын анықтауда жұмысшы тобының құрамында болды. Қиын-түйінді жерге орналастыру жұмыстарының басы-қасында табжылмай жүрді.

Жер реформаларын жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының Жер Кодексында белгіленген бап талаптары орындалды. Жоспарланған іс-шараларды іске асыруға тынымсыз қажыр-қайратын жұмсады. Бұдан бөлек Қытайға мұнай, газ құбырын тарту, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автомобиль жол құрылысы, қала мен кенттің арасына маңызды жобалар жасалды. Ауылдық, кенттік, қалалық елді-мекендерді аумақтық тұрғыда дамытуда шекараларын кеңейту жобасы бекітілді. Және өзіндік қосалқы шаруашылығы мен орта және шағын кәсіпкерлерге, шаруа қожалықтарына, мекемелерге мемлекеттік актілер әзірленді.

Закрадин жауапты шаруаларды атқару үстінде Ардақ Жанұзақ, Еркін Сейтов, Құрманбек Асаубаев, Асқар Есназаров есімді ізбасар інілеріне жинақтаған тәжірибесін үйретті. Бұлардың бәрі де ақылшы ағасын өздеріне ұстаз тұтады.

Ұзақ жылғы еңбегіне орай З.Абибуллаев аудан, облыс әкімінің, аймақтың жер қатынастары басқармасының «Алғыс хатымен», ҚР Жер ресурстары басқару агенттігінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Облыстық департамент арасында «Жыл үздігі» атанып, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің «Құрметті жерге орналастырушы», «Кәсіподақ қызметінің дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгісін алған.

Бұрын аудандық жер қатынастары бөлімінде басшылық жасаған, қазірде аудан әкімі аппаратының құжаттамалық бөлімінің басшысы Ардақ Жанұзақ: «Зәкең білімді де, білікті жан еді. Оның жарқын істері ешқашан ұмытылмайды», - дейді жылы лебізін білдіріп.

Абзал жанның алды пейіш, арты кеніш болып, отбасындағы бала-шағалары өсіп-өркендей берсін дейміз.

Сахи ҚАПАР,
Қазақстан
Журналистер
Одағының мүшесі

АНАМНЫҢ АСЫЛ БЕЙНЕСІ

«Ана» сөзі – әрбір жүректен орын алған ең қастерлі ұғым. Аяулы ана, ардақты ана, абзал ана деген ең әдемі сөздермен тіркесе алатын осынау ұлы есім – өмірдің бастауы, мейірімнің бұлағы. Ешкімді оған тең көрмейтін, ешкім орнын алмастыра алмайтын, жаныма қымбат осынау қадірлі жан – менің мәңгілік сағынышым...

Менің анам Өтебалықызы Зибә он жеті жасында әкем Қыпшақбаймен отау құрған екен. Дүниеге тоғыз перзент әкелген анамыз ибалы келін атанып, жұмсақ мінезімен, кішіпейілділігімен және қайырымдылығымен ауылына сыйлы жан болған. Ешкімнің бетіне жел болып тимейтін. Бәрін ақылға жеңдіре біліп, өзгелерді сабырға шақырып, ауыл-аймағының бірлігін ойлайтын. Мінезге бай анам сөзге ұста болумен қатар әншілігімен және ісмертігіншілігімен де құрметті еді. Дастарқаны жиылмайтын оның ас-ауқатпен және өзінің тіккен киімдерімен өзгелерді жарылқап, сауапты істер жасауға жаны құмар болғаны ел аузында. Қайнағасының жесірі – абысыны Қағаз екеуі бір шаңырақ астында балаларын бөліп жармай бірге өсіріп, тату-тәтті ғұмыр кешкені әулетіне деген адалдықтарының көрінісі болған. Екеуі әрбір істі бірге ақылдасып шешетін. Апалы-сіңілі сияқты жұбын жазбай үнемі бірге жүретін. Анам абысынының көңілін тауып, оның айтқанын екі етпейтін.

Таңнан ерте тұрып, кешке дейін тыным таппайтын еңбекқор анамыздың бейнесі күні бүгінгідей көз алдымда. Бізге ешқашан дауыс көтеріп сөйлемейтін. Үнемі ақылын айтып отыратын оның айналасында шүгірлеп, әңгімелерін қызыға тыңдайтынбыз. Үй шаруасын бәрімізге бөліп беретін. Біздер ойын баласымыз. Бірін орындасақ, бірін аяқтамай ойнап кетеміз. Сонда да қабақ шытпай, бәрімізді айналып-толғанып жүретін мейірімділігінде шек жоқ еді. Ол бізге әрдайым адалдықты ту етіп, адами қасиеттерді бағалауды, үлкендерді құрметтеп, кішілерге көмектесуді және өзгелерге жақсылық жасауды үйретті. Сексен жасында дүниеден озған анамыздың елге қадірлі есімі мен атқарған игі істері ауылдастарының жамында қалды.

Сонау балалық шағымның куәсі болған туған мекенім – Лақалыға барсам, анамның көзін көрген жандардың ол туралы айтқан ғибратты әңгімелерін естіп, мауқымды басқандай боламын. Анам мен абысыны Қағаздың бір шаңырақ астында әулеттің қос келіні ретінде өзара татулығы мен сыйластығы жарасқан өнегелі өмірін үлгі еткен ауылдастары олардың жүзжылдық мерейтойын назардан тыс қалдырмады. Қос ананың рухына арнап, ауылдық клуб қызметкерлерінің ұйымдастыруымен 21 наурыз күні «Абысын тату болса» тақырыбында сайыс өткізілді. Қазақ келініне сай ибалылық пен имандылықты насихаттап, салтымызда қалыптасқан әдет-ғұрыпты танытар өнер байқауы көпшіліктің көңілінен шыққан тағылымды шара болды. Жас буынға берер ғибраты мол осындай игі шараны ұйымдастырған «Лақалы» ауылдық клубының меңгерушісі Мақсатбаев Мейрімхан мен Мейрамбайқызы Айнұрға және сол шарада өнер көрсеткен «Аналар» ансамблі мен өзге де өнер ұжымдарына әулетіміздің атынан алғысымды білдіремін.

Тал бесікте тербетіп, төл тәрбиеміздің тұнығы болған асыл анамыздан үйренгендерім менің өміріме жол сілтер адастырмас бағдаршамым болды. Осы өмірде егер сәл де болса биікке шыққан болсам, ол – анамның берген тәрбие мектебінен деп мақтанышпен айта аламын.

Менің ғазиз анашым... Мен өзінді әлі күнге сағынамын...

Гүлсара БОРАНБАЕВА,
Қ.Сәтбаев атындағы №216 орта
мектебінің мұғалімі

ДІН МЕН ДӘСТҮР БҰРЫШЫ ЖӘНЕ ҚОЛ ӨНЕР МЕКТЕБІ

Ата-бабаларымыздың сан жылдардан бері ұстанып келе жатырған дін мен дәстүрі қазіргі ұрпақ өкілдері үшін үлгі өнеге.

Дін хақтың разылығына бастайтын ереже-қағидаларды қамтыған. Шәһи бұйрықтармен тиымдар жиынтығын құрайды.

Дәстүр, әдет-ғұрып, тұрмыс –тіршіліктің ерекшеліктері белгілі бір қоғамдастыққа тән, нақтылы тарихи-мәдени ортада қалыптасқан мінез-құлықпен іс әрекеттердің біркелкі сипатын білдіреді.

Бүгінгі күні дін жанашырларының алдында тұрған міндет дін мен дәстүрдің біріккен тұсын тауып, халыққа діннің де дәстүрдің де ортақ тіл табысатын игіліктерін ашып көрсету болып отыр.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы биылғы жылды Дін мен дәстүр жылы деп жариялады. Халқымызда «Уықты басқұр сақтайды», халықты дәстүр сақтайды» деген аталы сөз бар. Шариғатымыз халық ұстанған дұрыс әдет-ғұрыптарға ешқашан тиым салмаған.

«Жанқожа батыр» мешітіндегі әйел-қыздар секторының бастамасымен дін мен дәстүр бұрышы және қол өнер мектебі ашылды.

Дәстүрлі құндылықтарды сақтап қалудың маңызды мәселе екенін көңінен түсінген мешітте діни дәріс алып жүрген әйелдер секторының мүшелері



әдет-ғұрыптарды сөз жүзінде емес іс жүзінде жүзеге асыруда. Мешіт бөлмесіндегі сән салтанатымен безендірілген киіз үйдің ішіне түрлі ұлттық киімдер ілінген, қолдан жасалынған терме алаша, текемет, кілем, көрпе, жастықтар орналастырылған.

Үш қол тігін машиналарымен дін әдебіне сай киінген қыз келіншектер түрлі қазақы бұйымдар тігіп жатыр.

Киіз үй ортасында іскер әйелдер жүн түтіп, ұршық иіріп, кесте тігіп отыр.

Әйелдер қауымы ұйымдастырған іс-шараға мешіттің бас имамы Нұрдаулет Асқарұлы қатысып, іс-шараны өткізуге ұйытқы болған

ақ жаулықтыларға алғысын білдіріп қасиетті құраннан, хадистен мысалдар келтіріп салтымызды сақтап, дәстүрімізді құрметтеудің ерекшеліктері жайлы айтып берді.

Діни медресенің ұстазы Исмайл қаридың аяғын енді ғана апыл-тапыл басып жүрген баласы Мұхаммед Әлидің тұсауын кесу рәсімі өте әсерлі өтті.

Ұзын төсеніш төселіп қасиетті құран кітабы, нан, үйдің кілті және ақша қойылды да Бас имам Нұрдаулет сәбидің тұсауын кесіп еркіне жіберді. Бір жасқа да тола қоймаған сүйкімді сәби Мұхаммед Әли бірден барып қасиетті құранды құшақтап, беттерін ашып си-

палай бастағанын көріп ырым-шыл халықтың ұрпағымыз ғой әкесі сияқты бұл балада келешек Құранды бастан аяқ жатқа оқитын қари болар деп көңілденіп қалдық. Толқыдық, кеулімізде босады. Бұл өмірден өтетініміз, мәңгілік өмірдегі азығымыз қасиетті құран аяттары екенін сезініп көздерімізге жас келді.

Іс-шараны ұйымдастырып басшылық жасап жүрген мешіт ұстазы Өтеген қызы Зәуренің сауаттылығына, жан-жақтылығына сүйсіндік.

Жасау-жабдықтармен киіз үйді безендірген Айжігітова Гүлсанаға, тігін машиналарының орналастырылуына көмегін берген Айділдаева Жанатқа, дін мен дәстүр бұрышы, қол өнер мектебінің ашылуына ұйтқы болып, сауапты амалдар жасап жүрген ақ жаулықты діндарларымыз: Өтегенқызы Зәуре, Сариева Роза, Алиева Орынкүл, Айымбетова Күләм, Қазанғапова Нағима, Махашова Күләш, Махамбетәлиқызы Гүлнәр, Абыт Оразкүл, Жалғасбай Сұлу, Есімбетова Камилла, Айымқұлова Гүлжан, Абдуваханова Асмаларға дінге адал, дәстүрге беріктігі үшін Алланың разылығы мен Пайғамбардың (с.ғ.с.) шапағатына бөлене беріндер демекпін.

Беганш ЖАҚСЫБАЙ,
«Жанқожа батыр» мешітінің
баспасөз хатшысы

КӨКЖӨТЕЛ АУРУЫНАН САҚТАНАЙЫҚ!

Көкжөтел бұл көбінесе балаларда байқалатын және белгілі бір клиникалық көрінісі мен белгілері бар инфекциялық ауру. Көкжөтелдің ерекшелігі – тыныс алу функциясының бұзылуы және аурудың дамуы кезінде тыныс алу жолдарының шырышты қабаттарының зақымдануы.

Жиі асқынулар екі жасқа дейінгі балалармен қарт адамдарға анағұрлым тән. Алайда, кез келген жаста ауру әл-ауқатты едәуір нашарлатуы мүмкін, сондықтан көкжөтел белгілерімен инфекцияны жұқтырудың алдын алу әдістерін білу маңызды.

Көкжөтелдің белгілері жоғары тыныс жолдарының бактериялық инфекциясына ұқсас:

- дене қызуының +38°C-қа дейін көтерілуі, қалтырау;

- ә л с і з д і к , б ұ л ш ы қ е т т е р д ің «сырқырауы», басауруы;

- мұрын жолдарынан ағу, мұрынның бітелуі, құрғақ жөтел, шырышты қабықтың ісінуі.

Қоздырғыштың берілуі инфекция жұқтырған адаммен тығыз байланыста болған кезде ауа-там-

шылы жолмен жұғады. Ауру адам аурудың айқын сатысы басталғаннан кейін 30 күн ішінде алғашқы патологиялық көріністерден инфекцияны таратаалады. Жөтелдің қарқындылығы сияқты белгі биологиялық сұйықтықтағы (сілекей, шырышты қақырық) қоздырғыштың таралу дәрежесімен байланысты.

Көкжөтелге қарсы негізгі алдын алу шарасы вакциналау болып табылады. Қазақстан Республикасының Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес балаларға екпе егу бір мезгілде тиісінше 5-6 аурудан: дифтериядан, сіреспеден, көкжөтелден, полиомиелиттен, В типті гемофильді инфекциядан және В гепатитінен қорғайтын құрамында АбКДС барбес және алты компонентті құрама вакциналарды қолдана отырып жүргізіледі. Көкжөтелден барынша қорғау үшін балаларға 5 екпе алу қажет, оның ішінде 2 айдан бастап 1 ай аралығымен 3 екпе, содан кейін бірінші ревакцинация бір жарым жаста, екінші ревакцина-

ция 6 жаста жүргізіледі.

Балаңызды имундаудан кешіктірмеңіз! Оның денсаулығы – сіздің қолыңызда!

Алдын –алу шаралары:

-Қоршаған ортаға жұқпаны таратпау үшін науқасты дер кезінде оқшаулап, диагнозды анықтау үшін дер кезінде дәрігерді шақыртумен тексеріп-қарап, тиісті анализді тапсырып, тағайындалған дәрімен емдеу керек;

-Бөлменің ішін жиі желдету, ылғалды жуу мен жинау;

-Жеке бастың гигиенасын сақтау, қолды жиі жуу немесе антисептикпен өңдеу;

-Аурумен байланыста болған балаларға басқалардан оқшаулап 14 күн бойы медициналық бақылау жүргізеді.

Мұндай инфекцияны өз бетімен емдеуге болмайды.

Сақ болайық, ж а қ ы н д а р ы м ы з д ы сақтайық!

С.ШУКИРАЛИЕВА,
Қазалы аудандық санитарлық
эпидемиологиялық
бақылау басқармасының
бас маманы

АКУШЕРКА АЙГҮЛ

Қарапайым медицина қызметкері, қызметімен көпке ұнаған Айгүл Орынбайқызы Үсенбаева 1988 жылы шілде айында Әйтеке би кентінде дүниеге келген. №170 орта мектепті бітірген соң талапты да спортшы қыз Қызылорда медициналық жоғары колледжінде оқып, акушерка мамандығын алып шығады. Студент кездерінде облыстық жарыстарға қатысып, стол теннисінен жұлдегер атанып, колледж намысын қорғады.

Медициналық колледжді бітірген жас маман еңбек жолын Алматы қаласындағы аурухананың ота бөлімінде мейіркеш болып бастайды. Алайда отбасының жағдайына байланысты 2009 жылы елге оралып, аудандық перзентхана бөлімінде акушерка болып еңбек жолын жалғастырады. Сөйтіп, 400 баланың кіндік анасы атанады. Мұны акушерка келіншек өзіне бақыт санайды.

Қазір Айгүл Орынбайқызы «Болатжолы» амбулаториялық емхана-сында аймақтық акушерка болып қызмет атқарады. Қызметінде абыройлы. 2022 жылы «Үздік акушерка» номинациясын, сол жылы облыстық жарыста да «Үздік акушерка» номинациясы бойынша II-орын иеленді.

Ана мен баланың қамқоршысы болған ашық мінезді келіншекке әріптестері де дән риза.

Ұлпан ЖӘДІГЕРҚЫЗЫ,
«Тұран-Қазалы»

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Аяулы анамыз Әбубәкірова Күләш Мұсақызын мерейлі 70 жасқа толған күнімен құттықтаймыз!

Анашым сіз бізді дүниеге әкеліп, әлпештеп өсірдіңіз. Біздің жанұямыз ғана емес, әулеттің ардақты да сыйлы анасы боп, үлгі-өнеге көрсетіп келесіз.

Ақ халатты абзал жан болып, аудандық емханада ұзақ жылдар мейіркеш болып қызмет атқарып құрметті еңбек демалысына шықтыңыз.

Абзал ана! Сіз әкеміз Жылқайдар екеуіңіз балаларыңызды тәрбиелеп өсіріп, азамат болып өсуімізге қамқорлық жасап, ерекше еңбек еттіңіздер. Отау құрып, отбасын тіктеп кетуімізге қосқан үлестеріңіз ұшан теңіз. Сондықтан сізге, әкемізге ризашылық сезімімізді шынайы көңілден білдіреміз.

Қадірлі де аяулы анашым! Әкем Жылқайдар екеуіңіз ұлды ұяға, қызды қияға қондырып, немерелеріңізбен шөберелердің қызығына кенеліп отырсыздар. Алла көпсінбесін!

Сіздерге зор денсаулық пен бақытты өмір тілеймін!

Алланың берген жасын жасап, аман жүре беріңіз, анашым!

**Тілек білдірушілер: ұл-қыздарыңыз,
немерелеріңіз: Ерасыл, Расул, Нұрислам, Омар**

ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ НЫҒАЙТУ – БАСТЫ НАЗАРДА

Қоғамда тәртіп бұзушылыққа төзбеушілік ахуалын қалыптастыру қоғамдық қауіпсіздікті нығайту мен қылмыстың алдын алудағы маңызды қадам болып табылады.

Сол себептен аудан әкімінің тапсырмасына сәйкес, аудан көлемінде құқық қорғау саласының қызметкерлерімен күшейтілген режимде рейдтік жұмыстар жүргізілуде.

Қоғамдық тәртіпті қадағалау барысында күнделікті бірқатар әкімшілік құқықбұзушылықтар анықталуда.

2024 жылдың 21 сәуірдегі ахуал бойынша Қоғамдық қауіпсіздік саласында ҚР ӘҚБтК-нің 440-бабы 1-бөлігі – Алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масаң күйде келу бойынша 4 азаматқа 36920 теңге көлемінде айыппұлмен шара көріліп, 434-2 бабы, 1-бөлігінде (Ортақ пайдаланатын орындарды ластау) 4 адамға 73840 теңге, 437-бабы, 1-бөлігі бойынша (Тыныштықты бұзу) 2 тұлғаға 18460 теңге айыппұл салынды.

ҚР ӘҚБтК-нің 132-бабы, 1-бөлігінде (Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде болуына жол беру) бойынша 2 азамат жауапкершілікке тартылған.

Жол жүрісі қағидаларында көзделген жолаушыларды және жүктерді тасымалдау, қауіпсіздік белдіктерін немесе мотошлемдерді пайдалану жөніндегі талаптарды орындамау, яғни 593-бабы, 2-бөлігі бойынша 3 тұлғаға 27690 теңге көлемінде айыппұл салынған.

Тәртіп сақшыларымен жұмыстар барысында көшелерде және қоғамдық орындарда қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтауды күшейту мақсатында тәулік бойы күшейтілген режимдегі жұмыстар күнделікті жалғасады. Сондықтан, баршаңызды қоғамдық тәртіпті орнатуда жауапкершілікте болуға шақырамыз.

Қазалы ауданының полиция бөлімі

БРУЦЕЛЛЕЗ АУРУЫНАН САҚТАНАЙЫҚ

Бруцеллез адамдар мен малдар арасында кездесетін жұқпалы ауру. Бруцеллезге барлық үй жануарлары шалдығады, қойлар, ешкілер, ірі қара малы, шошқалар. Бруцеллезге шалдыққан мал түсік тастайды немесе өлі туады.

Ауру мал түсік тастағанда, төлдеу кезінде адамдарға өте қауіпті болады. Өйткені бруцеллез тудыратын микробтар малдың сүті, нәжісі арқылы сыртқы ортаға шығады. Сондықтан малдың терісі, жүні, тезегі, мал-қораның маңайы, құрал-саймандар, топырақ ластанады, ал бруцелла микробтары топырақта, қида, жемде, суда 4 айға дейін өмір сүріп, өзінің ауру қоздырғыштық қасиетін толықтай сақтай алады.

Адамдар бруцеллез ауруын ауру малдың сүті және сол сүттен дайындалған, термикалық өңделмеген тағамдарды тұтыну кезінде жұқтырады. Атап айтқанда аурудың қоздырғыштары шикі етте 3 ай, тұздалған етте 1ай, қайнатылмаған сүтте 40 күн, ірімшікте 60 күн сақталады. Алайда жоғары температураға төзімсіз, 90-100 градусқа қайнатқанда өліп қалады.

Адамдарда бруцеллездің алғашқы белгілері зақымдағаннан кейін 1-2 аптада, кей кездері 1 айдан кейін біліне бастайды.

Бруцеллез ауруының белгілері: бас ауру, әлсіздік, ұзақ уақыт бойы дене қызуының көтерілуі, қалтырап тоңу, денесінің түршігуі, түнге қарай қатты терлеу. Бірнеше апта өткен соң буындары ісініп, ауыра бастайды, әсіресе тізесі мен шынтақ буындары ісініп, ауырады.

Ауруға шалдыққан адам дер кезінде дәрігерге көрініп, ем қабылдаған жағдайда, науқасынан айығады. Ауру асқынған кезде нерв жүйесі зақымданып, тірек-қозғалыс және қан-тамыр жүйесінің қызметі бұзылуы мүмкін.

Бруцеллезден сақтану жолдары:

Бруцеллез ауруынан адамдарды қорғау үшін ең алдымен үй жануарларының бруцеллезбен ауруына жол бермеу қажет. Мал түсік тастағанда міндетті түрде ветеринарлық дәрігерге хабарлап, тез арада бөлек орынға оқшаулаған жөн. Өлген төлдің қалдықтарын мұқият жинап, арнайы мамандардың келуін күту керек.

Жаңадан туылған төлді үйге кіргізуге болмайды, бруцеллез мал болса, адамдардың, оның ішінде балалардың ауруды жұқтырып алу қаупі жоғары.

Үй жануарларына қарайтын адам арнайы киім, етік, қолына қолғап киюі керек, үйге сырт киіммен кіруге болмайды. Үй жануарлары тұратын қора жайда тамақ ішуге, шылым шегуге және демалу орны ретінде қолдануға болмайды.

Мал сатып аларда ветеринарлық дәрігердің арнайы анықтамасын талап ету қажет. Көше бойында, аула ішінде сатып тұрған сүт және сүт өнімдерін, етті сатып алуға болмайды. Мал өнімдерін сапасына кепілдігі бар, ветеринарлық-санитарлық бақылаудан өткен арнайы сауда орындарынан алған жөн.

**Г.ЖҰБАНДЫҚОВА,
Қазалы аудандық
санитарлық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасының
бөлім басшысы**

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11113 дана.